

**Қазалы ауданы бойынша мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру көрсетілетін қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктердің мөлшерін белгілеу туралы**

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 шілдедегі N 188 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 тамызда N 5105 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 31.12.2024 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазалы ауданы бойынша мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру көрсетілетін қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктердің мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 31.12.2024 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Б.Жарылқапқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Б. Жарылқап*  
Қазалы ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "21" шілдедегі  
№ 188 қаулысына қосымша

**Қазалы ауданы бойынша мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру көрсетілетін қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктердің мөлшері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 31.12.2024 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№	Азаматтар санаты	Жеңілдіктер мөлшері
1	7 жасқа дейінгі балалар	Тегін

2	Көп балалы отбасыларынан оқушы- балалар	Тегін
3	Балалар үйлерінен оқушы - балалар	Тегін
4	Спорт ардагерлері	Тегін
5	Оқушылар	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері құнынан 50% мөлшердегі жеңілдік
6	Студенттер	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері құнынан 50% мөлшердегі жеңілдік
7	Зейнеткерлер	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері құнынан 50% мөлшердегі жеңілдік

Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.